

Атырау облысы Атырау қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы

Атырау облыстық мәслихатының 2013 жылғы 4 шілдедегі № 152-V шешімі және Атырау облысы әкімдігінің 28 маусымдағы № 254 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 шілдеде № 2742 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 27, 37-баптарына сәйкес, Атырау облысы Атырау қалалық өкілді және атқарушы органдарының пікірлерін ескере отырып, Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және V шақырылған облыстық мәслихат кезекті XV сессиясында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әкімшілік орталығы Жұмыскер ауылы болатын Жұмыскер кенттік округі Жұмыскер ауылдық округіне өзгертіліп, Жұмыскер ауылдық округінің құрамына Жұмыскер, Рембаза ауылдары енгізілсін.

2. Осы қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Ә. Шәкімовке және Атырау облыстық мәслихатының заңдылықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Т.Б. Мұқатановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және олар алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

О. Қаршегенов

Мәслихат хатшысы

Облыс әкімі

Б. Измұхамбетов

С. Лұқпанов